

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ инсайдерлеріне

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ («Қоғам») Қоғамның инсайдерлеріне «Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының («Заң») талаптарын орындау үшін қабылданған Қоғам қағидалары туралы хабарлайды.

Осы бөлімде Қоғамның инсайдерлері Заңда көзделген міндеттемелердің уақытылы және лайықты түрде орындалуы үшін қажетті ақпаратты алуы мүмкін, бұл, өз кезегінде, Қоғам мен оның акционерлерінің заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1. Мынадай тұлғалары Қоғамның инсайдерлері болып танылады:

1) басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлғалар («БФОТ»), өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне орай Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу рұқсаты бар Қоғам қызметкерлері;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп процентін тікелей немесе жанама меншіктенуіне, пайдалануына және (немесе) иелік етуіне орай Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу рұқсаты бар тұлғалар, сондай-ақ осындай тұлғалардың қызметкерлері;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары мен талаптарында Инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Қоғамға қызмет көрсететін басқа да тұлғалар;

4) тізіміне Қоғам шығарған (ұсынған) Бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) қосылған сауда-саттық ұйымдастырушысы;

5) оның сауда жүйесінде Қоғамның Бағалы қағаздарымен және айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді тану мәселелерін қарау үшін құрылған өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесінің мүшелері, қор биржасының листингтік комиссиясы мен қор биржасының сараптамалық комитеті;

6) оларға берілген функциялар мен өкілеттіктерге орай Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу рұқсаты бар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның ведомствосының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;

7) Қоғам мен 2), 3) және 4) тармақшаларда аталған, оларға берілген өкілеттіктерге орай Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу рұқсаты берілген

ұйымдардың мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіби ұйымдар;

8) 2), 3), 4) және 7) тармақшаларда аталған, өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне орай Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу рұқсаты бар ұйымдардың қызметкерлері;

9) 1) - 8) тармақшаларда аталған тұлғалардан Инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

2. 2) – 4), 7) тармақшаларда аталған тұлғалар Қоғамға өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне орай Қоғамның Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу рұқсаты бар өз қызметкерлерінің тізімін осындай тізім жасалған не оған өзгерістер енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қоғамға беруге міндетті.

2) – 4), 7) тармақшаларда аталған тұлғалар Қоғамның сұрауы бойынша Қоғамның Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу рұқсаты бар өз қызметкерлерінің тізімін осындай сұрау алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті.

3. 2) - 4), 7) тармақшаларда аталған инсайдерлер:

1) өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне орай Қоғамның Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу рұқсаты бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының Инсайдерлік ақпаратты қолдануға тыйым салу бөлігіндегі талаптар туралы өз қызметкерлеріне хабарлауға міндетті.

4. Инсайдерлердің:

1) Қоғамның Бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасасу кезінде Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды есептемегенде, Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қол жетімді етуге;

3) Инсайдерлік ақпараттың негізделген Қоғамның Бағалы қағаздарымен мәмілелер жасасу туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

5. Заңның талаптарына сәйкес Қоғамда Инсайдерлік ақпарат тізбесі бекітілді.

Тізбеге қосылған ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен дереу ашылуы тиіс.

Мынадай ақпарат Инсайдерлік ақпарат болуы мүмкін:

1) Қоғамға Елеулі әсер ете алатын оқиғалар және жағдайлардың өзгергені жөніндегі ақпарат;

2) өткен немесе ағымдағы уақыт сәтіндегі Қоғамның қызметін жүргізу туралы ақпарат, оның ішінде қызмет қорытындылары туралы кез келген мерзімді есептер, сондай-ақ Қоғамның қызметті болашақта және де Қоғамға Елеулі әсер ете алатын Қоғамның кез келген жоспарларына қатысты үміттеріндегі ақпарат;

3) жобалар мен мәмілелер (оның ішінде үлестерді немесе мұнай-газ активтеріне құқықтарды сатып алуға, айырбастауға және иеліктен шығаруға, бірлескен кәсіпорындарды және консорциумдарды құруға немесе тоқтатуға, мұнай-газ активтеріне қатысты мәмілелер бойынша қаржыландыру және коммерциялық шарттарға қатысты) және бастаудан аяқтауға дейінгі барлық кезеңдерде стратегиялық сипаттағы оқиғалар туралы ақпарат.

6. Егер Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленбесе, белгілі бір қаржы тоқсанындағы немесе жылдағы Қоғамның қаржы қорытындылары көпшілікке жарияланған күннен кейінгі екінші Сауда күніндегі сауда-саттық ашылғаннан басталатын және қаржы тоқсанынан кейінгі екінші күнтізбелік айдың соңғы айында сауда-саттық кезінде аяқталатын Сауда-саттық мәмілелер кезеңдерін есептемегенде, 1), 2) тармақшаларда аталған барлық БФОТ, олардың Байланысты тұлғалары мен Инсайдерлерге кез келген уақытта Сауда жасауға тыйым салынады.

7. 1), 2) тармақшаларда аталған БФОТ мен олардың Байланысты тұлғаларына, сондай-ақ Инсайдерлерге Қоғамның ішкі құжаттарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам жариялауға міндетті аралық қаржы есептілігі немесе жылдық қаржы есептілігі жарияланғанға дейін 30 күнтізбелік күн ішінде Сауда жасауға тыйым салынады («Жабық кезең»).

8. Егер кез келген басқа тұлға мұндай ақпаратты оның Қоғамның Бағалы қағаздарымен Сауда-саттықтан пайда алуы үшін пайдаланса, бірде-бір Инсайдердің осындай кез келген тұлғаларға Инсайдерлік ақпаратты ашуға құқығы жоқ, сондай-ақ бірде-бір Инсайдердің Қоғамның Бағалы қағаздарымен Сауда-саттыққа қатысты Инсайдерлік ақпаратқа негізделген ұсынымдарды беруге немесе өз пікірін білдіруге құқығы жоқ.

9. Ұлыбританиядағы 1993 жылғы Қылмыстық Сот өндірісі туралы актіге және 2000 жылғы Қаржы қызметтері және Нарықтар туралы актіге (оның ішінде Ақпаратты ашу қағидалары мен нарықтық теріс пайдалану туралы заңнама) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Инсайдерлер Жабық кезеңде (оның ішінде арнайы) не олар Инсайдерлік ақпарат иелік еткен кезде Қоғамның Бағалы қағаздарымен мәмілелер жасасу үшін қылмыстық, азаматтық, әкімшілік жауапкершілікке және айыппұлдарға, абақтыға қамауға дейін, тартылуы мүмкін.

Бұдан басқа, Заңның талаптарын бұзу үшін қолданыстағы заңнамада әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

ҚБРБ/MAR басшылығынан сілтеме	Мәселе
1.	БФОТ-ға қатысты ақпаратты ашу міндеттемелері
1.1	Қоғамның директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер
LR 9.6.11	Қоғамның директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы дереу немесе шешім қабылданған күннен кейінгі Жұмыс күні аяқталғанға дейін хабарлау
	(a) Жаңа Директорды тағайындау, қазіргі Директордың отставкасы, зейнеткерлікке шығуы немесе қызметтен кетуі. Шешімнің күшіне ену күнін, сондай-ақ тұлғаның атқарушы Директор немесе атқарушы емес Директор болып табылатынын көрсету қажет; және
	(b) Директордың роліндегі, функцияларындағы немесе жауапкершілігіндегі елеулі өзгерістер.
LR 9.6.13	Жаңа Директорлар – оны тағайындау туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) Жұмыс күні ішінде хабарлауы тиіс:
	Акциялары соңғы бес жыл ішінде кез келген сәтте биржада саудаланатын, кез келген бас компанияда осы Директордың директорлар кеңестеріндегі барлық алдыңғы тағайындалуы туралы, осы Директор директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатыны көрсетілген ақпарат, сондай-ақ соттылығының бар-жоғы немесе өтелмегені туралы, банкроттық туралы, дәрменсіз борышқордың мүлкін басқару туралы, кез келген мәжбүрлі тарату туралы, Директорға қатысты қоғамдық сынның бар-жоғы туралы (тағайындалған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде), біліктіліктен айыру егжей-тегжейі туралы ақпарат және т.б.
LR 9.6.14	Директорлар туралы мәліметтердің өзгергенін тез арада хабарлау.
1.2	Акциялармен мәмілелер
MAR 19(1) тармақ	Басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлғалар және байланысты тұлғалар Қоғам мен ҚҚБ-ға Қоғамның бағалы қағаздарымен немесе оның қаржылық және/немесе қарыз құралдарымен жасалған әрбір мәміле туралы хабарлауы тиіс;
MAR 19(1) тармақ	Қоғам басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлғалар мен байланысты тұлғалар Қоғамға ашқан мәмілелер туралы хабарландыруды Қоғам алған сәттен бастап, РАҚ-ға дереу және Жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауы тиіс.
2.	Акционерлерге қатысты және акционерлермен байланысты ақпаратты ашу
2.1	Акционерлердің мүдделері

DTR 5.8.12R	Акциялардың ірі пакетін алу немесе иеліктен шығару туралы хабарландыру алынғаннан кейін дереу және үшінші биржалық күн аяқталғанға дейін хабарлау.	
2.2 Құрылтайшылардың шешімдері туралы хабарландыру		
LR 9.6.18	Акционерлердің жалпы жылдық жиналысында қабылданған кәдімгі қызметіне қатысты шешімдерді есептегенде, Қоғам акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған барлық шешімдер туралы дереу РАҚ-ға хабарлауы тиіс.	
DTR 6.1.12R	Акционерлерге жиналыс өтетін уақыт, орын мен оның күн тәртібі, акциялардың жалпы саны, дауыс беру құқықтары мен ұстаушылардың жиналыстарға қатысу құқықтарының жалпы саны туралы ақпаратты беру.	
DTR 6.1.13R	Үлестіру, жазылу, күшін жою және айырбастау бойынша кез келген уағдаластықтар туралы ақпаратты қоса есептегенде, дивидендтерді бөлу мен төлеу және жаңа акцияларды шығару туралы хабарламаны жариялау немесе хабарландыруды тарату	
3. Қоғам мен акционерлік капитал құрылымы туралы деректерге қатысты ақпаратты ашу міндеттемелері		
3.1 Қоғамның деректері		
LR 9.2.11	Листинг қағидалары мен ҚҚБ басшылығындағы ақпаратты ашу қағидаларына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін Комплаенс жөніндегі бақылаушының (Комплаенс жөніндегі бақылаушылардың) деректері туралы, сондай-ақ осындай мәліметтердің кез келген өзгерістері туралы ҚҚБ-ға хабарлау	
LR 9.6.19	РАҚ мен ҚҚБ Қоғамның атауындағы кез келген өзгерістер туралы жазбаша түрде (атаудағы өзгерістер күшіне енген күні көрсетіліп) дереу хабардар болуы тиіс.	
3.2 Акционерлік капиталдың құрылымы		
LR 9.6.4	Капитал құрылымына қатысты мәселелер дереу назарға жеткізілуі тиіс, оның ішінде:	
	(1)	Ұсынылып отырған капитал құрылымындағы өзгерістер, оның ішінде Қоғамның бағаланатын борышқорлық бағалы қағаздарын құрылымдау (кідірту сауда немесе қол қою процесінде болуы мүмкін)
	(3)	Қоғамның сатып алынатын Бағалы қағаздарының саны мен сатып алудан кейінгі Қоғамның тиісті сыныбындағы Бағалы қағаздар саны көрсетілген Қоғамның бағаланатын акцияларын сатып алу;
	(4)	Құқық белгілейтін құжаттың мерзіміне берілген кез келген кейінге қалдыру; және
	(6)	Жаңа акцияларды, эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару немесе қазіргі бар эмиссиялық бағалы қағаздарды көпшілікке орналастыру
DTR 6.1.9R	Қоғам шығарған, осындай акцияларға қол жеткізу рұқсатын беретін акциялардың немесе деривативтердің кез келген сыныбы бойынша құқықтардың кез келген өзгерістері туралы ақпаратты дереу ашу.	

DTR 6.1.12R		Акцияларды есептегенде, бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарының қандай да бір болмасын өзгерістерді, сондай-ақ осы құқықтарға, атап айтқанда, қарыз шарттарының немесе бағалы қағаздардың проценттік мөлшерлемелерінің өзгеру нәтижесінде осындай бағалы қағаздардың шарттары мен ережелеріндегі өзгерістерді дереу
4. Дивидендтерге қатысты ақпаратты ашу міндеттемелері		
LR 9.7A.2		Директорлар кеңесінің кез келген дивидендтерді төлеуге немесе кез келген дивидендтерді ұстап қалуға немесе биржада бағаланатын дивидендтерді төлеуге қатысты кез келген шешімі туралы хабарландыруда бір акцияға төленетін нақты таза сомаға қатысты егжей-тегжейлерді, төлем күнін, тізілімді жабу күнін (қолданылса) және неғұрлым төмен мөлшерлеме бойынша төленді және төлеуге жатпайтын деп есептелетін кез келген табыс салығымен бірге шетелдік кірістерден кез келген дивидендтер бойынша шешімді қамтуы тиіс.
5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына және жылдық есеп пен қаржы есебіне қатысты ақпаратты ашу міндеттемесі		
5.1 Жылдық есеп пен қаржы есептілігі		
DTR 4.1.3		Жылдық қаржы есебі қаржы жылы аяқталғаннан кейін 4 ай ішінде шығарылуы тиіс.